

## Кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 853 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 26 желтоқсанда № 14582 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жіберуді;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрі

\_\_\_\_\_ Т. Дүйсенова

2016 жылғы 13 желтоқсан

## **Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1) "Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету" кәсіби стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 20 қарашадағы № 910 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8989 болып тіркелген 2014 жылғы 19 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Әуе қозғалысына қызмет көрсету" кәсіби стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 20 қарашадағы № 911 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8995 болып тіркелген 2014 жылғы 19 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

3) "Жердегі қызмет көрсету" кәсіби стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 20 қарашадағы № 912 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8990 болып тіркелген) 2014 жылғы 17 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған;

4) "Әуе кемесін ұшуда пайдалану" кәсіби стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 20 қарашадағы № 913 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8992 болып тіркелген 2014 жылғы 19 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

5) "Борттық қызмет көрсету" кәсіби стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 20 қарашадағы № 914 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8991 болып тіркелген 2014 жылғы 19 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

6) "Авиациялық қауіпсіздік" кәсіби стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 25 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10804 болып тіркелген 2015 жылғы 7 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

7) "Аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету" кәсіби стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 26 бұйрығы (нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10754 болып тіркелген 2015 жылғы 7 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

8) "Ұшулар мен авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету" кәсіби стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 27 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10812 болып тіркелген 2015 жылғы 7 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

9) "Ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз ету" кәсіби стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 28 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10818 болып тіркелген 2015 жылғы 7 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).